

Азаматтық қорғау құралымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 387 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 2 маусымда № 11243 тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 53) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 06.08.2025 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қорғау құралымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр полиция
генерал-лейтенанты*

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 387 бұйрығымен бекітілген

Азаматтық қорғау құралымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 22.02.2022 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Азаматтық қорғау құралымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) азаматтық қорғау құралымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту тәртібін белгілейді.

2. Азаматтық қорғауды құралымдары – бейбіт және соғыс уақытында авариялық-құтқару мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге арналған азаматтық қорғау күштерінің ұйымдық-құрылымдық бірлігі (жасақтар, командалар, бригадалар, топтар, буындар, бекеттер).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Азаматтық қорғау құралымдары:

мақсаты бойынша – негізгі және авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды қамтамасыз ететін;

бағыныстылығы бойынша – аумақтық және объектілік болып бөлінеді.

4. Негізгі құралымдарға: барлау, құтқару, медициналық, инженерлік, өртке қарсы, авариялық-техникалық, радиациялық және химиялық қорғау жатады. Қалған азаматтық қорғау құралымдары авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды қамтамасыз етушілерге жатады.

5. Азаматтық қорғаудың аумақтық құралымдары облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, қалаларда, аудандарда құрылады, әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті азаматтық қорғаныс бастықтарына бағынады. Аумақтық құралымдардың құру базасы ұйымдар болып табылады.

6. Азаматтық қорғаудың объектілік құралымдары ұйымдарда құрылады және олардың мүддесінде пайдаланылады.

7. Азаматтық қорғау құралымдарының есебін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары жүргізеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 06.08.2025 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2 тарау. Азаматтық қорғау құралымдарын құру

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 22.02.2022 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Азаматтық қорғаудың құралымдары орталық және жергілікті атқарушы органдарда, арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда құрылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 06.08.2025 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Азаматтық қорғау аумақтық құралымдарының жеке құрамының жалпы саны: жер сілкінісіне бейім өңірлер үшін зардап шеккен халықтың он адамына құралымның бір мүшесі есебінен;

басқа өңірлер үшін зардап шеккен халықтың жиырма адамына құралымның бір мүшесі есебінен есептеледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 22.02.2022 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Азаматтық қорғау құралымдарындағы қажеттілік есептерін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес:

орталық атқарушы органға, арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органға тікелей бағынатын, салалық кіші жүйедегі азаматтық қорғаудың құралымдары үшін – азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелері әзірлейді және тиісті мемлекеттік орган бекітеді;

азаматтық қорғаудың аумақтық құралымдары (медициналықтан басқа) үшін – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары әзірлейді және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары бекітеді;

азаматтық қорғаудың медициналық құралымдары үшін - денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары әзірлейді және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, қалалардың, аудандардың тиісті жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

азаматтық қорғаудың объектілік құралымдарында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ұйымдар әзірлейді және олардың бірінші басшылары бекітеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 06.08.2025 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 30.06.2026 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Азаматтық қорғаудың объектілік құралымдарын ұйымдар құрады, олар мына талаптардың біреуіне сәйкес келеді:

1) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 3-тармағына сәйкес азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатады;

2) жұмылдыру тапсырмалары бар және (немесе) соғыс уақытында жұмысты жалғастырады;

3) ықтимал қауіпті химиялық залалдану және (немесе) ықтимал қауіпті радиоактивтік ластану және (немесе) ықтимал апаттық су басу аймағында орналасады.

12. 50-ден кем адам саны бар орталық атқарушы органдарда, арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарда және ұйымдарда азаматтық қорғаудың объектілік құралымдары құрылады: әрқайсысы 2 адамнан өртке қарсы, медициналық көмек, байланысты ұйымдастыру.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 06.08.2025 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Азаматтық қорғау құралымдарының құрамын және жарақтау нормаларын осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес азаматтық қорғау құралымдарының жұмыстарды жүргізуінің бағдарлық мүмкіндіктері негізінде ұйымдар басшысы бекітеді.

Азаматтық қорғау құралымдары жергілікті жағдайлар мен өндірістің ерекшеліктеріне, қызмет түріне, жұмыс істейтіндердің санына, базасында азаматтық қорғау құралымдары құрылған ұйымдардың қызметін айқындайтын мүліктің, техника мен көлік құралдарының болуына қарай құрылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 22.02.2022 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Жергілікті жағдайына байланысты және материалдық-техникалық базасы болған кезде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының шешімімен басқа да азаматтық қорғаудың құралымдары құрылады.

15. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін азаматтық қорғаудың аумақтық құралымдарының және авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының, объектілік құралымдарының санынан жоғары дайындықтағы шұғыл ден қою жиынтық жасақтары құрылады.

16. Жедел ден қою жиынтық жасақтары азаматтық қорғаудың аумақтық құралымдарының санатына жатады. Жедел ден қою жиынтық жасағының құрамы және командирі азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының ұсынысы бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 06.08.2025 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Әзірлікке келтіруге берілетін уақыт: азаматтық қорғаудың негізгі құралымдары, оның ішінде шұғыл ден қою жиынтық жасағының құрамына кіретін құралымдар үшін – төрт сағаттан аспау керек; авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды қамтамасыз ететін құралымдар үшін – алты сағаттан аспау керек.

18. Азаматтық қорғау құралымдарына бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды, жүкті әйелдерді, сегіз жасқа дейінгі жастағы балалары бар әйелдерді және соғыс уақытында – жұмылдыру нұсқаулары бар әскери міндеттілерді қоспағанда, еңбекке қабілетті еркектер мен әйелдер қабылданады.

Бейбіт уақытта табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін құралымдарға жұмылдыру ұйғарымы бар әскери міндеттілер кіргізіледі. Соғыс уақытында жұмылдыру ұйғарымы бар адамдар азаматтық қорғау құралымдары құрамынан шығарылады (мұндай жағдайда оларды ауыстыратын дублерлер дайындалады).

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 23.08.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Азаматтық қорғау құралымдарын ұстау және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 22.02.2022 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Азаматтық қорғау құралымдары жұмылдыру жариялау кезінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға қоюға арналмаған автомобильмен, инженерлік (арнайы) және басқа да техникамен жарақталады.

20. Азаматтық қорғау құралымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету осы бұйрыққа 5-қосымшада көрсетілген материалдық-техникалық қамтамасыз етуге сәйкес өз қызметін қамтамасыз ету үшін ұйымда бар техника, құрал-жабдықтар, жабдықтар, құралдар мен материалдар есебінен жүзеге асырылады

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 01.07.2023 № 357 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Саны елу адамнан аспайтын ұйымдарда, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органда, арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарда азаматтық қорғаудың объектілік құралымдарын материалдық-техникалық

қамтамасыз ету басшының шешімі бойынша жүзеге асырылады және оған: құрылатын бір азаматтық қорғау құралымына (жасақ, команда, буын, бекет) екі өрт сөндіргіш, бір медициналық дәрі қобдишасы және екі бірлік тасымалданатын радиостанция кіреді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 06.08.2025 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Тыныс алу органдарын қорғау құралдарымен азаматтық қорғау құралымдарын құратын ұйымдар мен орталық атқарушы органдар, арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар есебінен азаматтық қорғау құралымдарының әрбір мүшесі қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 06.08.2025 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Жаһандық және өңірлік ауқымдардағы төтенше жағдайлары жою жөніндегі күш пен құралдар құрамына кіретін, азаматтық қорғау құралымдары төтенше жағдай аймақтарында және зақымдану ошақтарында он төрт тәулік бойы авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге дайын болуы тиіс.

4-тарау. Азаматтық қорғау құралымдарын дайындау және тарту

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 22.02.2022 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Азаматтық қорғау құралымдарын даярлау мыналарды қамтиды:

1) үш жылда бір рет азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарында құралымдардың (жасақтардың, командалардың, бригадалардың, топтардың, буындардың, бекеттердің) азаматтық қорғау құралымдарының командирлерін оқыту;

2) "Төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар туындаған кезде немесе осы қақтығыстар салдарынан қорғану тәсілдері мен іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштерінің басшыларын, мамандарын даярлаудың, халықты оқытудың оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 20 мамырдағы № 235 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9509 болып тіркелген) бекітілген жұмыс орны бойынша азаматтық қорғау құралымдарының даярлаудың (қайта даярлаудың) оқу бағдарламасына сәйкес жеке құрамды оқыту;

3) азаматтық қорғау құралымдарының азаматтық қорғау бойынша оқу-жаттығулар мен машықтануларға, сондай-ақ төтенше жағдайлар мен олардың салдарын жою іс-шараларына қатысуы.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 22.02.2022 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.08.2025 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

25. Азаматтық қорғау құралымдарының жеке құрамын жыл сайын оқытуды азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарында немесе ұйымдарында және оқу орындарында үш жылда бір рет оқудан өткен және тиісті сертификаттары бар азаматтық қорғау жөніндегі сабақтар топтарының басшылары және азаматтық қорғау құралымдарының командирлері жүргізеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 06.08.2025 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Азаматтық қорғау құралымдарын дайындау оқу-жаттығу қалашықтарында, жергілікті жерлердің немесе ұйым аумағының учаскелерінде жүзеге асырылады.

27. Азаматтық қорғаудың құралымдары оқу-жаттығуларға және машықтануларға арнайы техниканың, жабдықтардың, жарақтардың, аспаптар мен материалдардың қажетті санымен толық құрамда қатысады.

28. Азаматтық қорғау құралымдарын дайындау кезінде авариялық-құтқару аспабын, электр қондырғыларын, компрессорларды қауіпсіз пайдалануға және оларға күтім жасауға, тыныс алу және тері ағзаларын қорғау құралдарымен жұмыс істеуге, сондай-ақ басқа да технологиялар мен арнайы жарақтарды (альпинистік, сүңгуір) қолдануға ерекше назар аударылады.

28-1. Азаматтық қорғаудың әрбір құралымы үшін әзірлікке келтіру жоспары әзірленеді, онда мыналар көзделеді:

1) жеке құрамды жұмыс және жұмыстан тыс уақытта құлақтандыру және жинау тәртібі;

2) мүлікті, азық-түлікті беру орны, тәртібі, мерзімі;

3) жиын кезеңінде құралымды басқару, оны әзірлікке келтіру және шоғырлану ауданына жылжыту немесе авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды орындау мәселелері;

4) материалдық-техникалық қамтамасыз ету тәртібі;

5) техника мен құралдарды жеке құрамға бекіту;

6) әртүрлі төтенше жағдайлар кезінде жұмыстар жүргізу учаскелері (объектілері).

Ескерту. 28-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 22.02.2022 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Азаматтық қорғаудың аумақтық және объектілік құралымдарын тартуды әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті азаматтық қорғаныс бастықтары, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою басшысы белгілейді.

30. Ұйымдарға төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін солар құрған азаматтық қорғау құрылымдарын тартқаны үшін шығындардың орнын толтыру Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 82-бабының 8-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Азаматтық қорғау
құрылымдарын құру, ұстау,
материалдық-техникалық
қаматасыз ету, дайындау және
оларды тарту қағидаларына
1-қосымша

Азаматтық қорғаудың құралымдарындағы қажеттілік есебі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 22.02.2022 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 30.06.2026 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

р/с №	Құралымдардың атауы	Құралымдардың жеке құрамының саны	Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар	Азаматтық қорғаныс бойынша топқа жатқызылған қала	Қалалық аудандар	Селолық аудандар
1	Шұғыл ден қою жиынтық жасағы	-	1	1	1	1
2	Адамдарды іздеу және құтқару командасы	10-70	1	1	-	1
3	Әуе барлау буыны	5	1	1	-	-
4	Өзен (теңіз) барлау буыны	5	Өзен (теңіз) бағытына 2 буын құрылады			
5	Теміржол барлау буыны	5	Темір жол бағытына 2 буын құрылады			
6	Құтқару командасы	10-50	Тиісті аумақтық-әкімшілік бірлік әкімінің шешімі бойынша			
7	Алғашқы медициналық көмек көрсету жасағы	10-150	Бейбіт уақытта аурухана желісіне 500 төсек-орын 1 жасак құрылады			

8	Жұқпалы а у р у жылжымалы госпиталі	10-60	Жұмылдыру резерві есебінен жұмылдыру тапсырманың негізінде құрылады			
9	Хирургиялық жылжымалы госпиталь	10-60				
10	Токсикология лық-терапевті к жылжымалы госпиталь	10-60				
11	Медициналық қызметтің эпидемияға қарсы жылжымалы жасағы	10-60				
12	Мамандандыр ылған медициналық көмек бригадасы	5	Республикалық, облыстық, көпбейінді, қалалық емдеу мекемелері (ауруханалар) құрады			
13	Инженерлік команда	10-37	Ықтимал жағдайға байланысты			
14	Жол-көпір командасы	10-55	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес
15	Инженерлік барлау буыны	3	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес
16	Электр желілері бойынша авариялық-те хникалық команда	10-45	Ықтимал төтенше жағдайларға байланысты			
17	Газ желілері бойынша авариялық-те хникалық команда	10-35	Ықтимал төтенше жағдайларға байланысты			
18	Су өткізу желілері бойынша авариялық-те хникалық команда	10-43	Ықтимал төтенше жағдайларға байланысты			
19	Кәріз желілері бойынша авариялық-те хникалық команда	10-43	Ықтимал төтенше жағдайларға байланысты			

20	Жылу желілері бойынша авариялық-техникалық команда	10-37	Ықтимал төтенше жағдайларға байланысты			
21	Байланыс авариялық-қалпына келтіру командасы	10-24	1	1	1	1
22	Тамақтандыру жылжымалы пункті	10-18	Зардап шеккен халықтың және азаматтық қорғау құралымдары жеке құрамының 1500 адамын ыстық тамақпен қамтамасыз ету есебінен құрылады			
23	Азық-түлікпен жабдықтаудың жылжымалы пункті	9	Зардап шеккен халықтың және азаматтық қорғау құралымдарының жеке құрамына 4000 құрғақ азық беру есебінен құрылады			
24	Заттай жабдықтаудың жылжымалы пункті	10-19	Бір рейсте жеткізу және 1400 жиынтық беру есебінен құрылады			
25	Автомобильге жанармай құю жылжымалы станциясы	3	Азаматтық қорғау құрылымдарының әр 400-500 техникасына біреу			
26	Жөндеу-қалпына келтіру жылжымалы пункті	10-20	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес
27	Су тасу буыны	7	Зардап шеккен халықтың және азаматтық қорғау құралымдары жеке құрамының 7,5 мың адамын ауыз сумен қамтамасыз ету есебінен құрылады			
28	Халықты тасымалдау автоколоннасы	10-36	Бейбіт уақыттағы және соғыс уақытындағы ықтимал жағдайларға байланысты тиісті азаматтық қорғаныс бастығының шешімі бойынша			
29	Жүктерді тасымалдау автоколоннасы	10-20				
30	Автосанитариялық жасақ	10-190				
31	Эвакосанитариялық пойыз	10-94				
	Жануарлармен					

32	өсімдіктерді қорғау командасы	-	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес
33	Қоғамдық тәртіпті сақтау тобы	-	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес
34	Өртке қарсы команда	-	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес
35	Радиациялық және химиялық қорғау командасы	-	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес	1-ден кем емес
36	Басқа жасақтар, командалар, буындар	-	Бейбіт уақыттағы және соғыс уақытындағы ықтимал жағдайларға байланысты тиісті азаматтық қорғаныс бастығының шешімі бойынша			

Азаматтық қорғау
құралымдарын құру, ұстау,
материалдық-техникалық
қамтамасыз ету, дайындау және
оларды тарту қағидаларына
2-қосымша

Азаматтық қорғаудың объектілік құралымдарындағы қажеттілік есебі

Азаматтық қорғау құралымдарының атауы <*>	Ұсынылатын жеке құрам саны, адам
Құтқару командасы	103
Жиынтық топ	44
Құтқару тобы	35
Барлау тобы	16
Ветеринариялық бақылау тобы	4
Фитопатологиялық бақылау тобы	4
Байланыс тобы	15
Байланыс буыны	7
Қоғамдық тәртіпті сақтау командасы	44
Қоғамдық тәртіпті сақтау тобы	16
Өртке қарсы команда	25
Өртке қарсы буын	6
Авариялық-техникалық команда	44
Санитариялық жасақ	23
Санитариялық бекет	4
Радиациялық, химиялық және биологиялық байқау бекеті	3
Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау командасы <***>	108

Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау тобы <*>	44
Радиациялық, химиялық және биологиялық барлау тобы <*>	15
Автомобильге жанармай құю жылжымалы станциясы	5
Эвакуациялау тобы (техникалық)	12
Су тасу буыны	6
Паналайтын жерлер мен жасырын паналарға қызмет көрсету жөніндегі топ, буын	<***>

<*> Объектілік құралымдар объектілерде ұйым басшысының шешімі бойынша бейбіт уақытта және соғыс уақытында ықтимал жағдайға байланысты құрылады.

<*> Күшті әсер ететін улы заттарды өндіретін немесе пайдаланатын химиялық қауіпті объектілерде құрылады.

<***> Бейбіт уақытта. Қорғаныш құрылыстарын өрістету кезінде сыйымдылығы 150 адамға дейін – 10 адам, 150-ден 600 адамға дейін – 21 адам, 600 адамнан астам – 36 адам.

Азаматтық қорғау
құралымдарын құру, ұстау,
материалдық-техникалық қамтамасыз
ету, дайындау және оларды
тарту қағидаларына
3-қосымша

Азаматтық қорғау құралымдарының жұмыстарды жүргізуін бағдарлық мүмкіндіктері

Р/с №	Құралымдар атауы	Жұмыс жүргізудің бағдарлық мүмкіндіктер
1	Әуе барлауы буыны	1 сағат ішінде бір бағыттағы барлау: 220 шақырым (ұшақпен), 120 шақырым (тікұшақпен)
2	Өзен (теңіз) барлауы буыны	Ұзындығы 50 шықырым дейінгі бір бағыттағы барлау
3	Темір жол барлауы буыны	Ұзындығы 50 шақырымға дейінгі бір сағат ішіндегі бір бағыттағы барлау
4	Алғашқы медициналық көмек жасағы	500 жарақаттанушыға дәрігерлік көмек көрсету
5	Мамандандырылған медициналық көмек бригадасы	Шамамен 8-10 жарақаттанушыларға мамандандырылған көмек көрсету
		10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: қаланың, елді мекеннің, объектінің - 0,03 шаршы шақырым; құрылыстың қирау деңгейін, үйінділер сипатын барлау - 0,015 шаршы шақырым; паналау орындарының, ПРУ

6	Инженерлік команда	жағдайын бағалау-25 құрылыс; үйінділер бойынша жүру жолдары құрылыстарының ені 3-4 метрден 1 шақырымға дейін; үйінділерді жаппай жинау - 50-200 м; көміліп қалған паналау орындарын, ПРУ, 4-5 құрылыстардың қазу және ашу .
7	Жол-көпір командасы	10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктер: елді мекендердегі үйінділерде өту жолдарын (жүру жолдарын) тазарту: а) ғимараттың биіктігі 3-4 қабат болған кезде ені 8-10 метр көшелерде - 0,65- 4,0 шақырым, ғимараттың биіктігі 5-6 қабат болса - 0,20-0,35 шақырым; б) ені 12-15 м көшелерде ғимараттың биіктігі 5-6 қабатты болса - 0,5-1 шақырым жүру жолдарын тазарту. Елді мекендерде үйінділердің үстінен 1,7-5,0 шақырым жүру жолдарын жасау. Жолдың беткі қабатын (шұңқырлы жөндеулер) қалпына келтіру: қиыршық тасты - 500 шаршы метр, ұсақталған тас кесекті- 650 шаршы метр; бетонды асфальт – 500 шаршы метр; ені 6 метр жолдың жүру жағын кескіндеп жөндеу жұмыстары – 6,5 шақырым, қиыршық тас -10 шақырым, 100-200 метр ірі теміржол элементтерінің үйінділерінен ені 3 -3,5 метр көшенің жүру жолын тазарту. Биіктігі 1,5-2 метр үйінділерді көшелердің жүру жолдарының 400-500 шаршы метр ауыстыру. 100-120 пм көпірді жөндеу және қалпына келтіру.
8	Инженерлік барлау буыны	10 сағат жұмыс уақыты ішінде бағдарлық мүмкіндіктері: ұзындығы 75-100 шақырым 2-3 бағытты барлау; - ауданы 1 шақырым зақымдау ошағын барлау, 20-30 дана көміліп қалған паналау орындарын барлау.
		10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: 1. Мына жұмыстарды орындау арқылы 35, 110, 220 кВ екі кіші станциядағы аварияларды жою:

9	Электр желілері бойынша авариялық-техникалық команда	май ажыратқыштарды жүргізуді ауыстыру; қуатты трансформатордағы жүргізуді ауыстыру; Круп ұяшығын орнату; Круп ұяшығына күш кабелін төсеу; жабдықтарды орнату орындарының аумағын тазарту; ажыратқыштарды қалпына келтіру; шиналарды қалпына келтіру; жабдықтарды орнату орындарындағы аумақтарды дезактивациялау. 2. Мына жұмыстарды орындау арқылы 35, 110, 220 кВ электр беру желілеріндегі аварияларды жою: сау қалған тіректердің сымдарын құрастыру; (бір тізбе – үш сым): 35 кВ - 2,5 км, 110 кВ - 2 км, 220 кВ - 1 шақырым; сымдарды құрастырып, уақытша ағаш тіректерін қондыру: 35 кВ - 4 шақырым, 110 кВ - 3 шақырым, 220 кВ - 2 шақырым; сымдар мен ажыратқыштарды жарым-жартылай ауыстырып, сымдарды жөндеу; 35 кВ - 1-2 шақырым, 110 кВ - 1-1,5 шақырым, 220 кВ - 1 шақырым; сау қалған тіректерін дезактивациялау: 35 кВ - 4 шақырым, 110 кВ - 3 шақырым, 220 кВ – 3 шақырым; тарату пунктiнiң бөлмелерiнде май ажыратқыштар ұяшығының зақымдалған жабдықтарын ауыстыру; қуатты трансформаторын кернеулікке 6-10 кВ- 2 данамен ауыстыру; бүрменi ауыстыру (көлемi 5 - 10 орын) кернеулігi 6-10 кВ- 2 дана; 11 метрге дейін 14-16 дана ағаш тіректерін қондыру; уақытша ағаш тіректері арқылы қимасы 16-70 мм сымның құрастыру 2 шақырым; ауа жүргізулерін қондыру - 20 дана.
10		10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: үйінділерді ашып, үй ішіндегі газбен қамтамасыз ету желісінің зақымдаған учаскісін ажырату: биіктігі 1 метр – 45 учаскеге дейін, 2 метр – 20 учаскеге дейін; қирамаған құдықтарды ашу және газбен қамтамасыз ету желісін үй

	Газ желілері бойынша авариялық - техникалық команда	ішіне кірер жерден жабу – құдықтар саны 150-ге дейін; жер төленін сау қалған кезде басқыш алаңында үйінділерді ашып, газбен қамтамасыз ету желісінің үй ішіндегі тарату сымды ажырату зақымдаған учаскесін ажырату - (ажырату) - 20
11	Су өткізу желілері бойынша авариялық-техникалық команда	10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: 1. Үйінділерді ашып, құдықтарды ашып-жабу арқылы қираған сумен қамтамасыз ету желілерінің учаскілерін ажырату, үйінділердің биіктігі 1 метр болса – 30 учаске, 2 метр – 10 учаске; 2. Үйінділерді ашып, құдықтарды ашу және ысырмаларын жабу арқылы сумен қамтамасыз ететін үй ішіндегі желісінің қираған учаскісін ажырату: үйінділердің биіктігі 1 метр болса – 50 учаске, 2 метр – 25 учаске; ысырмаларын жөндеу – 6 дана, құдықтарды қолмен тазарту – 20; өрт гидранттарын жөндеу – 15; шығару орындарын тазарту –15; құдықтар айналасындағы ойылған жерлерді жою – 20; тұрмыстық құдықтарды жөндеу – 5; үйдің су кірістеріне қақпақшаларды қою - 5 ; тұрмыстық желісін гидравликалық тазарту -30; шойын колонкаларды жөндеу – 20 .
12	Кәріз желілері бойынша авариялық-техникалық команда	10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: 1. Үйінділерді ашып, құдықтарды ашып-жабу арқылы қираған кәріз желілерінің учаскілерін ажырату, үйінділердің биіктігі 1 метр болса – 30 учаске, 2 метр – 10 учаске. 2. Үйінділерді ашып, құдықтарды ашу және ысырмаларын жабу арқылы үй ішіндегі кәріз желісінің қираған учаскесін ажырату: үйінділердің биіктігі 1 метр болса – 50 учаске, 2 метр – 25 учаске; ысырмаларын жөндеу – 6 дана, құдықтарды қолмен тазарту – 20; өрт гидранттарын жөндеу – 15; шығару орындарын тазарту -15; құдықтар айналасындағы ойылған

		жерлерді жою – 20; тұрмыстық құдықтарды жөндеу – 5; үйдің су кірістеріне қақпақшаларды қою - 5 ; тұрмыстық желісін гидравликалық тазарту -30; шойын колонкаларды жөндеу – 20 .
13	Жылу желілері бойынша авариялық-техникалық команда	10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: 1. Құдықтар үстінен үйінділерді ашып, қақпақшаларды орнатып қираған жүйелер учаскілерін ажырату, үйінділердің биіктігі 1 метр болса – 25 учаске, 2 метр – 10 учаске; үйінділердің биіктігі 1 метр болса – 40 учаскеде, 2 метр болса – 15 учаскеде құдықтар үстінен үйінділерді ашып, құдықтарды ашып және қақпақшаларды орнатып жылумен қамтитын үй ішіндегі жүйелердің қираған учаскелерін ажырату.
14	Тамақтандыру жылжымалы пункті	10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: коректену пункті 1500 адамға дейін тамақтандыра алады.
15	Азық-түлікпен жабдықтау жылжымалы пункті	10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: Пункт 4000 құрғақ азықты жинақтай алады және бере алады.
16	Жылжымалы жабдықтау пункті	10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: Пункт зардап шеккендерге (зақымдалғандарға) 1400 жинаққа дейін ауыстыратын киім-кешектер мен аяқ киімдерді жеткізе алады және бере алады.
17	Автомобильге жанармай құю жылжымалы станциясы	10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: Станция 400-500 бірлік техникаға ЖЖМ құюды қамтамасыз ету станциясы
18	Жылжымалы жөндеу-қалпына келтіру командасы	10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: ағымдағы 5 жөндеу жұмыстары
19	Су тасу буыны	10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: нормасы 1 адамға тәулігіне 10 литр су болған кезде 75 мың литр суды әкеліп 7,5 мың адамды қамтамасыз ете алады.
		10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері (60

20	Халықты тасымалдау автоколоннасы	шақырымға тасымалдау кезінде): Колоннаның жолаушылар сыйымдылығы – тасымалданғандардың саны. Колонна үшін: 880-1200/2200-3000 адамдар автобуспен, жүкті автокөліктер 440-600/1100-1500 адамдар, жүкті өзі көтеретін 330-460/825-1125 адам, жеңіл көліктер 80-120/200-300 адам.
21	Жүктерді тасымалдау автоколоннасы	10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: жүк көтергіш 38-45 тонна тасымалдайды, 95-120 тоннаға дейін 237-275 тіркеме жүкті.

Азаматтық қорғау құралымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидаларына 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азаматтық қорғау құрылымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидаларына 5 қосымша

Азаматтық қорғау құралымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету

1-тарау. Құтқару командасы (құтқару командасы, адамдарды іздеу және құтқару командасы)

Ескерту. Қағидалар 5-қосымшамен толықтырылды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 01.07.2023 № 357 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Атауы	Саны
1	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
2	Авариялық-құтқару құралдары мен жабдықтар жиынтығы	1
3	Резеңке етік	*
4	Жеке дәрі қобдишасы	*
5	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка–кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1

6	Қорғаныс көзілдірігі	*
7	Карабині бар құтқару белдігі	*
8	Компас	*
9	Қол шамы	*
10	Қорғаныс шлемі	*
11	Қолғап	*
12	Тасымалды радиостанция	*
Техника		
13	Жеңіл автокөлік	1-ден кем емес
14	Жүк көлігі	
15	Жолаушылар автобусы	

2-тарау. Барлау құрылымдары (әуе барлау буыны, өзен (теңіз) барлау буыны, теміржол барлау буыны)

№	Атауы	Саны
16	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
17	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка–кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
18	Резеңке етік	*
19	Кенеп қолғап	*
20	Тасымалды радиостанция	*
21	Электрмегафон	1
22	Жеке дәрі қобдишасы	*
23	Санитарлық сөмке	*
24	Таңу пакеті	*
25	Қорғаныс көзілдірігі	*
26	Компас	*
27	Дүрбі	*
28	Батареялы шам	*
Техника		
29	Әуе барлау буыны үшін: ұшақ (тікұшақ)	1-ден кем емес
30	Теміржол барлау буыны үшін: дрезина (тепловоз)	
31	Өзен (теңіз) барлау буыны үшін: катер (қайық)	

3-тарау. Медициналық құрылымдар (алғашқы медициналық көмек жасағы, инфекциялық жылжымалы госпиталь, хирургиялық жылжымалы госпиталь, токсикалық - терапиялық жылжымалы госпиталь, медициналық қызметтің жылжымалы эпидемияға қарсы жасағы,

мамандандырылған медициналық көмек бригадасы эвакуационно-санитарлық пойыз, автосанитарлық жасақ)

№	Атауы	Саны
32	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
33	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка –кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
34	Медициналық халат	*
35	Таңу пакеті бар жеке күйікке қарсы жинақ	*
36	Жұмсақ қаңқасыз зембілдер	5
37	Қоршау белгісі	2
38	Резеңке етік	*
39	Жеке дәрі қобдишасы	*
40	Радияциялық, химиялық және биологиялық барлау аспаптарының жиынтығы	1
41	Қорғаныс көзілдірігі	*
42	Резеңке қолғап	*
43	Компас	*
44	Тасымалды радиостанция	*
Техника		
45	Жеңіл автокөлік	1-ден кем емес
46	Жүк көлігі	1-ден кем емес

4-тарау. Инженерлік құрылымдар (инженерлік команда, жол-көпір командасы, инженерлік барлау буыны)

№	Атауы	Саны
47	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
48	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка –кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	әр көлікке
49	Газбен дәнекерлеу жинағы	1
50	Электр дәнекерлеу кондырғысы	1
51	Компрессорлық станция	1
52	Құралдар жинағы	1
53	Шынжырлы ара	1
54	Электромонтер жинағы	1
55	Қалта шамы	*

56	Сантехник жиынтығы	1
57	Газ жөндеуші жинағы	1
58	Компас	*
59	Комбенезон	*
60	Резеңке етік	*
61	Жеке дәрі қобдишасы	*
62	Кенеп қолғап	*
63	Таңу пакеті	*
64	Суды залалсыздандыру препараты	*
65	Тасымалды радиостанция	*
Техника		
66	Экскаватор	1-ден кем емес
67	Автогрейдер	
68	Тиегіш автокөлік	
69	Жүк көлігі	
70	Бульдозер	
71	Автокран	
72	Тартқыш	
73	Самосвал	

5-тарау. Авариялық-техникалық құралымдар (электр желілері бойынша авариялық-техникалық команда, газ желілері бойынша авариялық-техникалық команда, су құбыры желілері бойынша авариялық-техникалық команда, жылу желілері бойынша авариялық-техникалық команда, кәріз желілері бойынша авариялық-техникалық команда, байланыстың авариялық-қалпына келтіру командасы)

№	Атауы	Саны
74	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
75	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка –кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
76	Газбен дәнекерлеу аппараты (газ желілері бойынша команда үшін)	1
77	Газбен дәнекерлеуші жинағы	1
78	Сантехник жиынтығы	1
79	Сымдарды кесуге арналған қайшы	*
80	Қарасора арқан (Нейлон) метр	150-200 метр
81	Портативті құбыр кескіш	1
82	Мотопомпа (сантехникалық желі командасы үшін)	1
83	Металды газды жалынмен кесу құралы	1

84	Компрессор	1
85	Батареялы шам	1
86	Қауіпсіздік белдігі (электр желілері командасы үшін)	*
87	Жүк көтергіш құралдар (лебедкалар, гидравликалық домкрат)	*
88	Электромонтер жинағы (электр желілері командасы үшін)	1
89	Газ индикаторы (үшін газ желілері командасы)	1
90	Таңғыш пакеті	1
91	Жеке алғашқы көмек жинағы	1
92	Мотобетонол	әр құрылатын құрылымдар үшін 1 бірлік
93	Санитарлық сөмке	*
94	Тасымалды радиостанция	*
95	Электромегатфон	*
96	Жеке алғашқы көмек жинағы	*
97	Керзі етік	*
98	Брезент қолғаптары	*
99	Телефон кабелі (байланыс командасы үшін)	150-200 метр
Техника:		
100	Жеңіл автокөлік	1-ден кем емес
101	Жүк көлігі	
102	Автожөндеу машинасы	
103	Автокран	
104	Экскаватор	
105	Бульдозер	

6-тарау. Материалдық-техникалық жабдықтау құрылымдары 1-параграф. Жылжымалы тамақтану пункті

№	Атауы	Саны
106	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
107	Қатты отынды құйылатын қайнатқыш	2
108	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка –кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
109	Суды қайнатуға арналған қазандық	2

110	Термос	12
111	Ет шабуға арналған балта	2
112	Кәстрөлдер мен қазандықтарды тазалауға арналған қырғыш	4
113	Резеңкеленген алжапқыш	4
114	Жылы іш киім, шалбар (суық мезгілде)	18
115	Керзі немесе резеңке етік	18
116	Брезент қолғаптары	18
117	Лагерь шатыры	2
118	Автокөлік жамылғысы немесе брезент	4
119	Полимерлі пленка	20
120	Шаруашылық арқан	60 метр
121	Көлденең ара	3
122	Батареялы шам	5
123	Медициналық таңу пакеті	18
124	Жеке дәрі қобдишасы	18
125	Ас үй құралдары	*
Техника		
126	Жеңіл автокөлік	1-ден кем емес
127	Ас үй тіркемесі	
128	Жүк көлігі	
129	Автоцистерна	
130	Авторефрижератор	

2-параграф. Азық-түлікпен қамтамасыз етудің жылжымалы пункті

№	Атауы	Саны
131	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
132	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка –кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
133	Өндірістік үстел	6
134	Нан тасымалдауға арналған ыдыс	50
135	Мүкәммалды тасымалдауға арналған ыдыс	10
136	Үстел таразы	6
137	Тауарлық таразы	1
138	Сөре	2
139	Ауыз суға арналған металл ыдыс	2
140	Резеңке етік (пар)	*

141	Брезент қолғаптары	*
142	Лагерь шатыры	2
143	Өнімдерді жабуға арналған шатырлы брезент	4
144	Батареялы шам	*
145	Медициналық таңу пакеті	*
146	Жеке дәрі қобдишасы	*
Техника		
147	Жеңіл автокөлік	1-ден кем емес
148	Жүк көлігі	
149	Автоцистерна	

3-параграф. Жылжымалы жабдықтау пункті

№	Атауы	Саны
150	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
151	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка –кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
152	Брезент өлшемі (5×5 м)	4
153	Шатыр	4
154	Төсек жабдықтары	2
155	Телогрейка және мақта шалбар (суық уақыт)	4
156	Кирз немесе резеңке етік	*
157	Брезент қолғаптары	*
158	Жеке медициналық дәрі қобдишасы	*
159	Медициналық таңу пакеті	*
Техника		
160	Жеңіл автокөлік	1-ден кем емес
161	Жүк көлігі	
162	Автоцистерна	

4-параграф. Су тасымалдау буыны

№	Атауы	Саны
163	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
164	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка –кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
165	Резеңке етік	*

166	Жылы қолғаптар (пар)	*
167	Жеке алғашқы көмек жинағы	*
168	Жұмсақ сүйреуіш	*
169	Қатты сүйреуіш	*
170	Батареялы шам	*
Техника		
171	Жеңіл автокөлік	1-ден кем емес
172	Жүк көлігі	
173	Автоцистерна	
174	Мотопомпа	

7-тарау. Автокөлік құрылымдары

1-параграф. Халықты тасымалдауға арналған автомобиль колоннасы

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету		
№	Атауы	Саны
175	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
176	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка –кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
177	Жылы қолғаптар (қолғаптар)	*
178	Тасымалды радиостанция	*
179	Электромегатфон	1
180	Жұмсақ сүйреуіш	16
181	Қатты сүйреуіш	3
182	Жеке алғашқы көмек жинағы	*
183	Таңғыш пакеті	*
184	Санитарлық сөмке	2
Техника		
185	Автокөлік	9
186	Жолаушылар автобусы	2

2-параграф. Жүктерді тасымалдауға арналған автоколоннасы

№	Атауы	Саны
187	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
188	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка –кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
189	Жылы қолғаптар (қолғаптар)	15

190	Тасымалды радиостанция	*
191	Жүргізуші құралдарының автокомплектісі	1
192	Электромегатфон	1
193	Жұмсақ сүйреуіш	3
194	Қатты сүйреуіш	3
195	Жеке алғашқы көмек жинағы	*
196	Таңғыш пакеті	*
197	Санитарлық сөмке	*
Техника		
198	Жеңіл автокөлік	1-ден кем емес
199	Трактор	
200	Жүк автокөлігі	
201	Автокөлік тіркемесі	

3-параграф. Жылжымалы жанармай құю станциясы

№	Атауы	Саны
202	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
203	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка –кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
204	Жылы қолғаптар (қолғаптар)	*
205	Тасымалды радиостанция	*
206	Жүргізуші құралдарының автокомплектісі	1
207	Электромегатфон	1
208	Жұмсақ сүйреуіш	1
209	Қатты сүйреуіш	1
210	Жеке алғашқы көмек жинағы	*
211	Таңғыш пакеті	*
212	Санитарлық сөмке	*
213	Батареялы шам	*
Техника		
214	Жеңіл автокөлік	1-ден кем емес
215	Жанармай құюшы	
216	Автокөлік тіркемесі	

4-параграф. Жылжымалы жөндеу-қалпына келтіру командасы

№	Атауы	Саны
217	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*

218	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка–кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
219	Дәнекерлеу машинасы	1
220	Жылы қолғаптар (қолғаптар)	1
221	Тасымалды радиостанция	*
222	Жүргізуші құралдарының автокомплектісі	*
223	Электромегатфон	1
224	Жұмсақ сүйреуіш	1
225	Қатты сүйреуіш	2
226	Жеке алғашқы көмек жинағы	2
227	Таңғыш пакеті	*
228	Санитарлық сөмке	*
229	Батареялы шам	*
Техника		
230	Жеңіл автокөлік	1-ден кем емес
231	Жүк көлігі	
232	Жөндеу шеберханасы	

8-тарау. Жануарлар мен өсімдіктерді қорғау тобының схемасы

№	Атауы	Саны
233	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
234	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка–кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
235	Резеңке етік (пар)	*
236	Қолғап	*
237	Медициналық халат	40
238	Қорғаныс көзілдірігі	7
239	Компас	3
240	Резеңке қолғап (пар)	10
241	Батареялы шам	
Техника		
242	Дезинфекциялық қондырғы	1-ден кем емес
243	Автоқозғалтқыш	
244	Жүк көлігі	
245	Жеңіл автомобиль	

9 тарау. Өртке қарсы команданың сызбасы

--	--	--

№	Атауы	Саны
246	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
247	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка –кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
248	Қарасора аркан (Нейлон) метр	150-200
249	Сымдарды кесуге арналған қайшы	2
250	Өрт сөндірушінің жабдықтары	*
251	Өрт сөндірушінің жауынгерлік киімі	*
252	Қорғаныс шлемі	*
253	Кенеп жадағай	*
254	Таңғыш пакеті	*
255	Көбіктендіргіш	(цистерналар схемасы бойынша)
256	Тасымалды радиостанция	*
257	Электромегатфон	1
258	Батареялы шам	*
259	Жеке алғашқы көмек жинағы	1
260	Шабуылдауыш баспалдақ	әрбір өрт сөндіру бөлімшесіне 1 бірлік
Техника		
261	Өрт сөндіру автокөлігі (автоцистерна)	2

10-тарау. Қоғамдық тәртіпті қорғау командасы (тобы)

№	Атауы	Саны
262	Жеке қорғаныс құралдары	1
263	Қорғаныс көзілдірігі	1
264	Резеңке қолғап	50
265	Резеңке етік	6
266	Компас	6
267	Жұмсақ буксир	6
268	Электромегатфон	6
269	Тасымалды радиостанция	6
270	Қол шамы	6
271	Арнайы құралдар	
272	Атыс (табельдік) қару	
Техника		
273	Жүк көлігі	1
274	Жеңіл автомобиль	1

11-тарау. Радиациялық және химиялық қорғау командасы (тобы)

№	Атауы	Саны
275	Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдары	*
276	Шанц аспаптарының жиынтығы (шанышқы және қалақ күрегі, лом, балға, кирка –кетке, ағаш ұстасының балтасы, көлденең ара)	1
277	Радиациялық және химиялық барлау аспаптары	1
278	Автомобиль техникасын арнайы өңдеу жинағы	1
279	Санитарлық өңдеу жиынтығы	*
280	Қоршау белгісі	*
281	Резеңке етік	*
282	Жеке дәрі қобдишасы	*
283	Қорғаныс көзілдірігі	*
284	Резеңке қолғап	*
285	Компас	*
286	Батареялы шам	*
Техника		
287	Жеңіл автокөлік	1
288	Жүк көлігі	1

Ескертпе: * - азаматтық қорғау құралымдарын құру, күтіп-ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және тарту қағидаларына 1-қосымшада көрсетілген азаматтық қорғау құрылымдарының жеке құрамының санына сәйкес.